

09.07.2015 ж.

Халықтан шыққан қайраткер

Арман Кәменұлы, Астана қаласының Мемлекеттік мұрағатының құжаттарды жариялау және пайдалану бөлімінің қызметкері.

Кеңестік империяның құрсауындағы елдердің тарихы бұрмаланып, сол кездегі саяси ахуалға қарай икемделіп отырды. Сондықтан болар тәуелсіздік тұғыры қонған сәтте де қаһарман тұлғаларды ескермей, кейбір жағдайларды ұмытып, қоғамның рухани игілігіне жарата алмай отырған жайымыз бар.

Алаштың асыл тұлғаларымен қатар аталатын ұлдарының бірі – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов. Ол кісінің өмірі мен қызметіне келетін болсақ, Жұмабек Ахметұлы 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысы Аршалы ауданы Танакөл ауылында дүниеге келген (Астананың іргесіндегі Береке және Қойгелді ауылдарының ортасында). Ақмола құрылыс техникумын тәмамдап, Жұмабек аға еңбек жолын 1934 жылы бастаған. 1934-1944 жылдар Солтүстік Қазақстан облысында кеңес жұмыстарында, кейіннен 1947 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысының партия комитеті хатшысының орынбасары қызметін атқарады. Ол кезде Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез еді. Білімді де білікті әрі ел басқаруға ерекше қабілетті маман болғандықтан

Ж.Тәшеновті соғысқа жібермеген. 1947-1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1948-1952 жылдар аралығында Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы болып бекітіледі. Мәскеудегі КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебінде сырттай оқып, 1955 жылы оны тәмамдайды. Облыста жақсы қызмет істеп, жоғары көрсеткіштерге жеткен Жұмабек Тәшенов 1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы қызметіне тағайындалады. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы қызметінен 1960 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметіне жоғарылатылады. Бір жыл өткеннен кейін «ұлтшыл» деп айыпталып, Н.Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылады. Ол Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төрағасы қызметінен босағаннан кейін Мәскеуде экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесі үшін диссертация қорғайды. Ж. Тәшенов Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған. Қызметінен төмендетіліп, 1961 жылдан 1975 жылға дейін Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарады. Қызметі төмендегенімен Жұмабек Ахметұлы халықтың мұң-мұқтажын шешуге бұрынғыдан да жігерлене кірісті. Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінде істеген 15 жылдай уақытта Оңтүстік өңірінің экономикалық-мәдени жағынан қайта түлеуіне көп еңбек сіңірді. 1986 жылы 71 жасында қайтыс болады.

Жұмабек Тәшенов туралы белгілі жазушы, филолог-ғалым Әди Шәріпов былай дейді: «Қазақстан Республикасының жер көлемін суыртпақтай тарылта беру мақсатымен Н. Хрущев өзінің найза бойламайтын зымияндық отарлау саясатын жоспарлы түрде, жүйелі жүргізді. Баяғы заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары, Наурызбай сияқты батыр бабаларымыз қан төгіп, сыртқы жаулармен соғысып, аман сақтап қалған қазақ халқының атамекенін Ресейге беріп жіберуге қарсы болған жалғыз адам – Жұмабек Тәшенов». Ж.Тәшенов республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумақ тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді. Маңғыстауды Түрікменстанға қосу жөніндегі ұсыныстарға тойтарыс берді. Тың өлкесіне біріктірілген солтүстік облыстарды Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шықты. Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға қарсылық білдірді. «Қазақ әдебиеті» газетін жабудан, «Социалистік Қазақстан» газетін «Казахстанская правданың» аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды.

Жабылған жаладан, орынсыз тағылған кінәдан арашалап алып, елі үшін, халқы үшін саналы өмірін аямаған қажырлы қайраткерді, қазақ даласының жарық жұлдыздарының бірін отаршылдық саясатқа қарсы тұра білген дарынды басшыны әрдайым есте ұстап, тындырған істері мен сіңірген еңбегін елге кеңінен таратып, өнегелі өмірін келешек ұрпаққа үлгі еткеніміз абзал.